


 Мектеп директоры:
 Дүйсенова Л.А.
 «31» _____ 2023ж

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің №8 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік профилактикалық кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	жұмыстың мазмұны	түрі	уақыты	жауапты
1	I отырыс 1. 2023-2024 оқу жылында қалалық есепте тұрған оқушыларды ИБ қызметкерлерімен салыстырмалы есебін жүргізу Есепте тұрған оқушылардың клуб, үйірмелерге тартылуы жайлы есеп	анықтама ақпарат	қыркүйек	Туримтаев Е.А. Серикбаева Т.А.
2	II отырыс 1. Сенім жәшігін ашу 2. Тәртібі нашар оқушылармен жұмыс 3. ИБ-нің қызметкерлерімен кездесу өткізу (5-7, 8-9сыныптар)	ақпарат ақпарат кездесу	қазан	Сынып жетекшілері Серикбаева Т.А.
3	III отырыс 1. Сенім жәшігін ашу 2. Түрлі есепте тұрған оқушылардың тәртібі жөнінде 3. Қиын жасөспірімді тәрбиелеудегі мектеп ұжымы мен отбасының рөлі	ақпарат есеп баяндама	қараша	Кабиева В.М. Әлеуметтік педагог
4	IV отырыс 1. Сенім жәшігін ашу 2. «В здоровом теле-здоровый дух»	ақпарат баяндама	желтоқсан	ДТЖО Медбике
5	V отырыс 1. Сенім жәшігін ашу 2. Тәртібі нашар оқушылар жайлы есеб 3. «Сен заңды білесіңбе?»	ақпарат дөңгелек стол	қаңтар	Туримтаев Е.А. «Адал ұрпақ» клубының жетекшісі
6	VI отырыс 1. Сенім жәшігін ашу 2. «Өз құқығыңды қорғай біл»	ақпарат маман	ақпан	ДТЖО Мектеп инспекторы

	(кездесу) 3 Көп балалы және тұрмыс жағдайы төмен отбасыларды әлеуметтік тұрғыда зерттеу, көмек, кеңестер беру.	кеңесі		Әлеуметтік педагог
7	VII отырыс 1. Сенім жәшігін ашу Түрлі есепте тұрған оқушылармен атқарылған жұмыстар 2.«Зона риска»	ақпарат әңгімелесу анкетирование	наурыз	Туримтаев Е.А. Сынып жетекшілер Мектеп психологы
8	VIII отырыс 1. Сенім жәшігін ашу 2. « Жаксы әдеттер»	ақпарат сын. сағаты	сәуір	ДТЖО Сынып жетекшілер
9	IX отырыс 1. Сенім жәшігін ашу (Анықтама) 2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру	сараптама түсіндіру жұмысы	мамыр	Кабиева В.М Туримтаев Е.А. сынып жетекшісі

Қатысқандар:

Дуйсенбаева Л.А. - мектеп директоры
Шарипов Н.К. – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
Туримтаев Е.А. – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Кабиева В.М.- мектеп психологы
Буркитова Ж.Б. - әлеуметтік педагог

Күн тәртібі:

1. 2023-2024 оқу жылында қалалық есепте тұрған оқушыларды ІБ қызметкерлерімен салыстырмалы есебін жүргізу (Анықтама) Туримтаев Е.А.
2. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында оқушылардың үйірмеге тартылуы жайлы мәлімет (Ақпарат) Туримтаев Е.А.
3. Сенім жәшігінің қызметі туралы Кабиева В.М.
4. Ағымдағы мәселелер Серикбаева Т.А.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі орынбасары Туримтаев Е.А. қалалық есепте тұрған оқушылар туралы мәлімет берді.

2023-2024 оқу жылында құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстардың жүргізілуі туралы баяндама жасалынып, жүргізілген жұмыстарға тоқталды. Жалпы былтырғы оқу жылында мектебімізде мектепшілік есепке алынған оқушылар жоқ. Биылғы жылы 1.Сегеда Александр Денисович, 2.Есмағанбет Нұрдәулет қолайсыз отбасы балалары мектепшілік есепке алынатыны жайында мәлімдеді.

Екінші мәселе бойынша директорының тәрбие ісі орынбасары биылғы оқу жылында мектебімізде 6 клуб, үйірме жұмыс жасайтынын оған 87 бала қамтылып отқандығын айта келіп, құқыққа бейім оқушылардың клубтарға тартылғаны жөнінде мәлімдеме жасады.

Үшінші мәселе бойынша мектеп психологы Кабиева В.М. сенім жәшігінің қызметі жайлы айта келіп, былтырғы оқу жылы барысында ешқандай арыз, шағым болмағаны туралы мәлімдеді.

Төртінші мәселе бойынша мектеп директорының м.а. құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстарды жандандыру мақсатында ІБ-мен біріккен арнайы жоспар құру, сонымен қатар ата-аналар жиналысында ұялы телефонның зияны мен пайдасын, мектепте жоғалған жағдайда мектеп әкімшілігі жауапкершілікке алмайтындығын қатаң ескертті. Сонымен қатар, оқушылардан қол хат алу және оқушыларға осы мақсатта түсіндіру жұмыстарын жүргізу туралы нұсқаулыққа берді. Жиын барысында бопсалау, құқықбұзушылық, ұрлықтың әсері жайлы сөз етілді. Кеңес төрайымы Серикбаева Т.А. жиынды қорытындылай келе, құқықбұзушылыққа жол бермеу және ІБ-нің қызметкерлерімен кездесу өткізуді тапсырды.

Күн тәртібі бойынша ақпараттарды тыңдап болған соң Кеңес шешті:

1. Девиантты мінез-құлқы оқушаларды алдағы уақыттарда қатаң түрде бақылауға алу.
2. Құқық бұзушылықтың алдын алуына байланысты мектеп инспекторымен кездесу ұйымдастырылсын және құқықтық тақырыптарда, қауіпсіздік ережелеріне байланысты сынып сағаттары өткізілсін. (Е.Туримтаев Сынып жетекшілері)
3. Сенім жәшігінің қызметін арттыру мақсатында оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілсін. (1-9 сынып жетекшілері, Кабиева В.М.)
4. Оқушылардың құқықтық сауаттылығы мен іс-әрекеттеріне жауапкершілігін арттырып, ата-ана тарапынан қадағалауды күшейту. Құқықтық тәртіптік бақылау рейдтерін ұйымдастыру. (1-9 сынып жетекшілері, Туримтаев Е.А., Буркитова Ж.Б..)

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Дуйсенбаева Л.А.



Туримтаев Е.А.

Дүйсенбаева Л.А. - мектеп директоры
Шарипов Н.К. – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
Туримтаев Е.А. – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Кабиева В.М. - мектеп психологы
Буркитова Ж.Б. - әлеуметтік
Қожанов С.Р.-мектеп инспекторы

Күн тәртібі:

- | | |
|--|----------------|
| 1. Сенім жәшігін ашу | Туримтаев Е.А. |
| 2. Тәртібі нашар оқушылармен жұмыс. | Кабиева В.М. |
| 2. ІІБ-нің қызметкерлерімен кездесу туралы | Туримтаев Е.А. |

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша мектеп тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сенім жәшігінің пайдасы жайлы айта келіп, осы уақыт аралығында сенім жәшігіне оқушылар мен ата-аналар тарапынан арыз шағымдар түспегені жөнінде мәлімдеме жасады.

Екінші мәселе бойынша мектеп психологы Кабиева В.М.

«Ата-ана отбасындағы үлкендерді сыйлап, құрметтесе, кішілерге қамқор болса, бала да сондай болуға ұмтылады. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол екені белгілі. Л. Керімов қиын балалар тәрбиесі мәселесіне арналған зерттеулерінде «қиын» оқушыны зерттеуді, ең алдымен, отбасындағы тәрбие жағдайын білуден бастауды ұсынады. Баланың жетіліп қалыптасуында отбасының орны ерекше екенін түсіндіре келе, оқушыға қиын атануға алып келетін ата-аналардың балалармен, мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасындағы бірнеше кемшіліктерді көрсетіп берген. Бұл қиындықты шешудің негізгі бірден-бір жолы-отбасындағы ізгілікті қарым-қатынастарды орнату. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін отбасы қоғаммен тығыз байланыста болуы керек. Сол мақсатта ата-ана және мектеп қарым-қатынасы жүйелі түрде ұйымдастырылып, ата-аналармен біріккен түрлі іс-шаралар өтіліп тұрады. Мектебімізде тәртібі қиындық тудыратын оқушылар жоқ», - деп өз сөзін қорытындылады.

Үшінші мәселе бойынша Е.Туримтаев сөз алып: «Қазіргі таңда кәмелетке толмағандар арасындағы тәлім-тәрбиеге және олардың тарапынан жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алу жұмыстарына жете көңіл бөлінуде. Соған орай, “Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің” ММ 2023 жылғы қатынас хаты негізінде кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға арналған жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында «Мектеп оқушыларының азаматтық-құқықтық сана-сезімдерін арттырып, құқық бұзушылықтың алдын алу» атты тақырыпта айлық өткізілді. Бекітілген жоспарға сәйкес қазан айының 16 жұлдызында Е.Туримтаевтың ұйымдастыруымен “Менің заң алдындағы жауапкершілігім” тақырыбында Арқалық қаласы ІІБ жергілікті полиция қызметі ювеналды полиция тобының учаскелік инспекторларымен 5,6,7,8,9 сынып арасында кездесуі өткізілді. Инспекторлар кездесуде сөз сөйлеп, оқушыларға міндеттері мен құқықтары туралы сөз өрбітті. Жиында балалардың мезгілсіз уақытта жүріп ұсталған жағдайда, мектепшілік бақылауға алынатыны жайлы, және мектеп оқушылары сабақты себепсіз қалдыруы құқықтық бұзушылықтың алғашқы санаты болып табылатыны жайлы түсіндірілді. Мектепте ұялы телефон ұстамау, бағалы заттар әкелмеулері жайлы, және бейтаныс адамдармен сөйлесіп, бөгде зат алу, бөтен адамдардың көлігіне отыру қауіпті екендігі ескертілді. Мөлтек ауданында орналасқан бұзылған ғимараттар маңайында жүру және темір жол маңайында ойнау, серуендеу поездың жүру жолдарына тас, шыны т.б кедергілер қою құқық бұзушылық болып табылатыны және кәмелетке толмаған балалар құқық бұзушылық жасаған жағдайда, ата-аналары әкімшілік жазаға тартылатыны жайлы айтылды. Үзіліс кезінде оқушылардың өздерін қалай ұстау керектігі жайында да айтып өтті. Кездесу барысында мектеп оқушыларының қызықтырған

сұрақтарына жауап беріліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді», - деп өз сөзін қорытындылады.

Күн тәртібі бойынша ақпараттарды тыңдап болған соң Кеңес шешті:

1. Сенім жәшігінің тиімділігі арттырылсын (1-9 сынып жетекшілері, Кабиева В.М.).
2. Тәртібі қиын оқушылармен сынып жетекшілер тарапынан күнделікті бақылауға алынсын (Е.Туримтаев)
3. Оқушылардың құқықтық сауатылығын арттыру барысында жұмыс жүргізу қатаң түрде қолға алынып, жоғарғы сынып оқушыларымен ПБ мұражайына саяхат ұйымдастырылсын («Адал Ұрпақ» клуб жетекшісі, Е.Туримтаев).

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Дуйсенбаева Л.А.

Туримтаев Е.А.

24 қараша 2023 жыл

Дуйсенбаева Л.А. - мектеп директоры

Шарипов Н.К. – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

Турымтаев Е.А. – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Кабиева В.М. - мектеп психологы

Бүркітова Ж.Б. - әлеуметтік педагог

Қожанов С.Р.-мектеп инспекторы

Күн тәртібі:

1. Сенім жәшігін ашу (Кабиева В.М.)
2. Түрлі есепте тұрған оқушылардың тәртібі жөнінде (Серикбаева Т.А..)
3. Қиын жасөспірімді тәрбиелеудегі мектеп ұжымы мен отбасының рөлі (Бүркітова Ж.Б.)

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша мектеп психологы Кабиева В.М. осы уақыт аралығында сенім жәшігіне ешқандай шағым түспегені жөнінде мәлімдеме жасады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Серикбаева мектебімізде екі оқушы мектепшілік есепке алынғанын айтты, есепке қою себебі қолайсыз отбасы.

1. 5 «А» сынып оқушысы Есмағанбет Нұрдаулет.

Тәлімгері- Нағашыбай А.Ш.

2. 8 «Б» сынып оқушысы Сегеда Александр. (сынып жетекші)

Тәлімгері – Садуақасова С.Ғ. (сынып жетекші)

Осы екі оқушыға тәлімгерлер тағайындалды.

3. Үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог сөз алып: «Халық даналығы «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», «Не ексең соны орасың», десе ұлы Абай «тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерімен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі - ақымақшылық» деп түйіндейді. Ал атақты физиолог И.Павлов «әрбір баланың мінез-кұлқы ата-анасының жағымды іс-әрекеттерінен үлгі алу барысында қалыптасады» деп тұжырымдайды. Бала отбасы жағдайында өмірдегі әртүрлі жағдайларда өзін қалай ұстауды, адамгершілік әліппесі: кішіпейіл болу, ізеттілік, сыйластық, үлкендермен және кішілермен қандай қарым-қатынаста болу сияқты тәжірибе жинақтайды және оны меңгереді. Отбасында бірін-бірі сыйлау, камқоршы болу, бірлесіп еңбек ету секілді игі дәстүрлер қалыптасқан болса, ол ортадан қоғамға қарсы тұратын тәрбиесіз адам шығуы теориялық жағынан алғанда мүмкін емес. Бұл әңгімеміз, әрине, бірінші топтағы ата-аналарға қатысты. Отбасы тәрбиесінде ең маңызды мәселенің бірі – ата-аналардың педагогикалық көзқарасының қалай қалыптасуында. Қазіргі кездегі аса бай отбасылардың пайда болуы, оларда бала тәрбиесінің дұрыс тәжірибесі қалыптасты деген сөз емес. Міне, осындай отбасылардың кейбір ата-аналары балаларының кез-келген сұрансын мезетте қанағаттандыру, аламын деген нәрсенің бәрін сөзге келмей сатып әперу, үй тірлігіне қатыстырмауы баласының өзімшіл, тек қана тұтынушы, жалқау, басқаның есебінен жақсы өмір сүргісі келетін, арамтамақ болып қалыптасуына әкеліп соқтыратынын ескере де бермейді. Дәл осыған қарама-қарсы әрекет істейтін ата-аналардың да түсінгі балаларын тура жолдан шығаруға итермелейді. Мұндай ата-аналар өз балаларын аса қаталдықпен тәрбиелеймін деп әртүрлі қысым мен тыйымдарды қолдану, сәл нәрсеге бола қатаң жазалау, ар-намысын қорлайтын әрекеттер жасау арқылы балаларын өздеріне қарсы қояды. Мұндай жағдай да әрине, балалар ата-анасын сыйламайды, олардың баласына айтқан «ақылы» кері әсер етеді. Осындай отбасында «тәрбие» алған баланың тәрбиелі болуы да екіталай. Қиын жасөспірімді тәрбиелеудегі мектеп ұжымы мен отбасының рөлі

орасан зор, мектепте біз үйінде ата-аналары қадағаласа біз оң нәтижеге жетеміз», - деп өз сөзін қорытындылады.

Күн тәртібі бойынша ақпараттарды тыңдап болған соң Кеңес шешті:

1. Сенім жәшігінің тиімділігі арттырылсын (1-9 сынып жетекшілері)
2. Алдағы уақытта қолайсыз отбасымен жұмыс жасалсын, құқық бұзушылық алдын алу іс-шаралары өз деңгейінде жалғастырылсын.
3. Ж.Бүркітова баяндамасы ескеріліп, ата-ана мен мектеп арасында біріккен жұмыс жандандырылсын. (Е.Туримтаев, Т.Серикбаева)

Кеңес төрайымы:

Хатшы:




Дуйсенбаева Л.А.

Туримтаев Е.А.

22 желтоқсан 2023жыл

Қатысқандар:

Дүйсенбаева Л.А. - мектеп директоры
Турилтаев Е.А.- мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Кабиева В.М. - мектеп психологы
Бүркітова Ж.Б. - әлеуметтік педагог
Мектеп медбикесі- Кобдикова Д.Қ.
Қожанов С.Р.-мектеп инспекторы

Күн тәртібі:

1. Сенім жәшігін ашу (Анықтама) Турилтаев Е.А.
2. “Денсаулық –зор байлық!” /баяндама/ медбике. Кобдикова Д.Қ.
3. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі орынбасары сөз алып, қазіргі мектеп қоғамында өміршілдік пен өктемдікті қажет етпейтін құрылымдар қолданыла бермейді. Ұстаз бен оқушы арасында, оқушы мен оқушы арасында келеңсіз жағдайлар туып, кішігірім кикілжіңдер орын алып жатады. Міне, осы тұрғыда мектеп қабырғасының арнайы "Сенім жәшігі" орнатылғаны және осы уақыт аралығында ешқандай шағым жоқ екендігін мәлімдеді.


Екінші мәселе бойынша мектеп медбикесі Кобдикова Д.Қ. “Денсаулық –зор байлық” тақырыбында баяндама оқыды. Сөз кезегінде Кобдикова Д.Қ. мектебіміздің оқушыларының жеке бас гигиенасы жайында тоқталып кетті.

Үшінші мәселе бойынша мектеп директоры бопсалау, құқық бұзушылық жайлы сөз етілді. Кеңес төрайымы Дүйсенбаева Л.А. құқық бұзушылыққа жол бермей, пайдалы іс жасауға шақырды. Сондай-ақ, балаларының жеке бас гигиенасына және зиянды заттардан аулақ болуларының қадағалау тапсырылды.

Күн тәртібі бойынша ақпараттарды тыңдап болған соң Кеңес шешті:

1. Оқушылардың жеке бас гигиенасын қадағалау қатаң бақылауға алынсын.
2. Оқушылардың жеке бас гигиенасын және салауатты өмір салтын ұстану насихаттау мақсатында СӨС қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылсын және аталмыш тақырыпта сынып сағаттар өткізілсін.
3. Сенім жәшігінің тиімділігі арттырылсын (1-9 сынып жетекшілері, Кабиева В.М.)
4. Оқушылардың мінез-құлықтарына және құқықтық сауаттылығы мен іс-әрекеттеріне жауапкершілігін арттырып, ата-ана тарапынан қадағалауды күшейтілсін.

Кеңес төрайымы
Хатшы:



Дүйсенбаева Л.А.
Турилтаев Е.А.

Арқалық қаласы

15 қаңтар 2024 жыл

Қатысқандар:

Дүйсенбаева Л.А. - мектеп директоры
Турилтаев Е.А.- мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Кабиева В.М. - мектеп психологы
Бүркітова Ж.Б. - әлеуметтік педагог
Мектеп медбикесі- Кобдикова Д.Қ.
Баязи А.Ж.-мектеп инспекторы

Күн тәртібі:

1. «Сенім жәшігін қарау» Т.Серикбаева
2. «Тәртібі нашар оқушылар жайлы есеп» Е.Турилтаев
3. Сен заңды білесің бе? Қалмағанбетова А.О.

Тыңдалды:

Алғашқы мәселе бойынша Турилтаев Е.А. сенім жәшігінде ешқандай шағым жоқ екендігін мәлімдеді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі орынбасары Турилтаев Е.А. 2023-2024 оқу жылында құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстардың жүргізілуі туралы баяндама жасалынып, жүргізілген жұмыстарға тоқталды. Жалпы былтырғы оқу жылында мектебімізде қалалық есепте оқушы жоқ, мектепшілік есепте қолайсыз отбасылардан 1.Сегеда Александр Денисович , 2.Есмағанбет Нүрдәулет алынды. Жалпы бұл оқушылар тәртібі жақсы. Сабақтан қалмайды, құқық бұзушылыққа биім оқушы жоқ екендігі жайлы мәлімдеді.

3.Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Қалмағанбетова А.О. сөз алып: Заң дегеніміз- қоғамның негізгі тірегі. Қоғам деп отырғанымыз- мына біздер. Н.Ә.Назарбаев айтқандай, «Конституция-бұл да ел рәміздерінің бірі. Сондықтан негізгі заңды елдің туы, әнұраны, елтаңбасы секілді қадірлеу, құрметтеу – біздің парызымыз» деген. Сондықтан әрбір адамның заң талабына бағынып, жат қылықтар, өөөскел тәртіп бұзушылыққа бармау, өзіне жүктелген міндетті уақтылы орындаудың өзін еліміздің Ата заңын, Халықты құрметтеуі деп білуімізге болады.

Бала - әрқашан бала. Конвенция – бала құқығының әлемдік Конституциясы. Халықаралық шарт бойынша бала деп кімді санайды? Балалар - бесік арбадағы нәресте, бала бақшаға асыққан сәбилер, бастауыш сынып оқушысы, 5-7 сынып оқушылары. Жоғары сынып оқушыларын яғни 16-18 жаста жасөспірім деп атайды. Конвенцияның 1-ші бабын оқып көрейік: «18 жасқа толмаған әрбір адамзат иесін бала деп санау шартты мақсат». Яғни 18 жасқа толмаған жасөспірім де, жеткіншек те Конвенцияда атап көрсеткендей, бала құқығын пайдалана алады.

Күн тәртібі бойынша ақпараттарды тыңдап болған соң Кеңес шешті:

1. Сенім жәшігінің тиімділігі арттырылсын (1-9 сынып жетекшілері, Е.Турилтаев)

2. Е.Туримтаев мәлімдемесі ескеріліп, алдағы уақытта осы деңгейде жалғастырылсын. (Е.Туримтаев, Т.Серикбаева)
- 2.1. Оқушылардың қоғамдық орындардағы тәртібі үнемі назарда болып, бос уақытты тиімді ұйымдастыруы қадағалансын (сынып жетекшілері).

Кеңес төрайымы:

Хатшы:

Two handwritten signatures in blue ink. The top signature is for the Council Chairman, and the bottom signature is for the Secretary.

Дуйсенбаева Л.А.

Туримтаев Е.А.

№8 негізгі мектебінің профилактикалық кеңес отырысының №6
хаттамасы

Арқалық қаласы

4 ақпан 2024 жыл

Қатысқандар:

Қатысқандар:

Дүйсенбаева Л.А. - мектеп директоры
Туримтаев Е.А.- мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Кабиева В.М. - мектеп психологы
Бүркітова Ж.Б. - әлеуметтік педагог
Мектеп медбикесі- Кобдикова Д.Қ.
Баязи А.Ж.-мектеп инспекторы

Күн тәртібі:

1. Сенім жәшігін ашу (Анықтама) Туримтаев Е.А.
2. “Өз құқығыңды қорғай біл” мектеп инспекторы (маман кеңесі)
3. Көп балалы және тұрмыс жағдайы төмен отбасыларды зерттеу, көмек, кеңестер беру. Әлеуметтік педагог Бүркітова Ж.Б.
4. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі орынбасары Туримтаев Е.А. сенім жәшігінде осы уақыт аралығында ешқандай шағым жоқ екендігін мәлімдеді.

Екінші мәселе бойынша мектеп инспекторы сөз алып, балалар адамға қатысты барлық құқықтарға ие. Бірақ ересектерге қарағанда өз құқықтарын қорғау мүмкіндіктері аз болғандықтан ерекше құқықтық қорғауды қажет етеді. Қазақстанда балалардың құқықтық жағдайы мына заңдарда көрініс тапқан: 1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 2. Бала құқықтары туралы Конвенция 3. Бала құқықтары туралы Декларация 4. Азаматтық кодекс 5. Неке және отбасы туралы Заңдарымен таныстырып, оқушылардың себепсіз сабақ қалдыруы құқық бұзушылықтың алғашқы санаты болып табылады деп сөзін қорытындылады.

Үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог сөз кезегінде, қазіргі уақытта көптеген отбасылар қоғам талап ететін функцияларды толық орындау үшін көмек пен қолдауды қажет етеді. Мұндай көмекті толық емес және көпбалалы, жалғыз басты отбасылар, мүмкіндігі шектелген балаларды бағатын, асыранды бала бағатын, мүгедек ата-аналары бар, жұмыссыздар т.б. отбасыларқажет етеді. Бұл бойынша әлеуметтік жұмыс күнделікті отбасылық проблема, отбасындағы позитивті қатынасты дамыту және бекіту, ішкі ресурстарды қалпына келтіру, әлеуметтік-экономикалық қол жеткізген жағымды нәтижелерді және әлеуметтендіруші потенциалды тұрақтандыруға

бағытталуы тиіс. Осыған орай көпбалалы отбасы, және тұрмыстық деңгейі төмен отбасы балалары қысқы аяқ киім мен жылы курткасымен қамтылған болатын. Сондай-ақ, тұрмыстық жағдайы қорғалмаған отбасы балалары бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылған деп мәлімдеме жасады.

Төртінші мәселе бойынша мектеп директоры құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында оқушылар мектепке бағалы заттар әкелмеулерін қатаң ескертті. Сондай-ақ, әлеуметтік жағдайлары қорғалмаған отбасы оқушыларына көмек беру мақсатында түрлі акциялар ұйымдастырылуын керек екендігі жайлы және түскен қаржыны қамқоршылық кеңесіне қадағалауын ұсынды.

Күн тәртібі бойынша ақпараттарды тыңдап болған соң Кеңес шешті:

1. Сенім жәшігінің тиімділігі арттырылсын (1-9 сынып жетекшілері, Кабиева В.М.)
2. Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында әр бейсенбі сыныптарда құқық минуты өткізілуі қатаң қадағалауға алынсын. Туримтаев Е.А., Жусупова Б.М. 1-9 сынып жетекшілер”
3. Оқушылардың ата-аналарымен мектеп арасындағы байланыс күшейтілсін. “1-9 сынып жетекшілері”
4. Әлеуметтік жағдайы қорғалмаған отбасыларына көмек көрсету мақсатында түрлі акциялар ұйымдастырылып, түскен қаржыны қадағалау Қамқоршылық Кеңесі мүшелеріне тапсырылсын. Туримтаев Е.А., Буркитова Ж.Б., Қамқоршылық Кеңес мүшелері

Кеңес төрайымы:

Хатшы:




Дуйсенбаева Л.А.

Туримтаев Е.А.

№8 негізгі мектебінің профилактикалық кеңес отырысының №7
хаттамасы

Арқалық қаласы

10 наурыз 2024 жыл

Қатысқандар:

Қатысқандар:

Дүйсенбаева Л.А. - мектеп директоры
Турилтаев Е.А.- мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Кабиева В.М. - мектеп психологы
Бүркітова Ж.Б. - әлеуметтік педагог
Мектеп медбикесі- Кобдикова Д.Қ.
Баязи А.Ж.-мектеп инспекторы

Күн тәртібі:

1. Сенім жәшігін ашу (Анықтама) Турилтаев Е.А.
2. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында оқушыларымен атқарылған жұмыстар. Турилтаев Е.А.
3. “Зона риска” анкетирование Кабиева В.М.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі орынбасары сенім жәшігінде осы уақыт аралығында ешқандай шағым жоқ екендігін мәлімдеді.

Екінші мәселе бойынша Е.Турилтаев қалалық есепте оқушы жоқ. Мектепшілік есепте тұрған мектепшілік есепте қолайсыз отбасылардан 1.Сегеда Александр Денисович , 2.Есмағанбет Нұрдәулет алынды. Жалпы бұл оқушылар тәртібі жақсы. Сабақтан қалмайды, құқық бұзушылыққа биім оқушы жоқ екендігі жайлы мәлімдеді. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 7-9 сынып оқушыларымен әңгіме өткізілгені жайында айтты. Аталмыш шара нәтижесі оқушылардың құқықтық сауаттылығы артқандары байқалды. Сонымен қатар осы күнге дейін оқушылар арасында ешқандай құқық бұзушылық орын алмағаны жайында айтылды. Е.Турилтаев өз сөзін қорыта келе мектеп инспекторы мектеп әкімшілігімен жұмыла жұмыс атқарғанының нәтижесі деп мәлімдеді.

Үшінші мәселе бойынша мектеп психологы Кабиева В.М. “Зона риска” анкетирование алынғаны туралы айтты. Анкетирование нәтижесі оқушылардың құқықтық сауаттылығы өз деңгейінде екені анықталғаны жайында мәлімет жасады.

Төртінші мәселе бойынша мектеп директоры оқушыларымыздың тәртібі қалыпта болғанымен, назардан тыс қалып қоймауларын ескертті. Сондай-ақ, IV тоқсан аяқталып келе жатқаны, оқушылардың ата-аналарына қауіпсіздік ережелерімен таныстыруларын ескертті.

Күн тәртібі бойынша ақпараттарды тындап болған соң Кеңес шешті:

1. Сенім жәшігі уақытылы тексеріліп, оқушылар арасында сенім жәшігіндегі шағым не болмаса көкейлеріндегі сұрақтар анонимдік түрде қалатыны жайлы түсіндіру жұмыстары жүргізілсін (1-9 сынып жетекшілері, Кабиева В.М.)

2. Есепте тұратын оқушалардың алдағы уақыттарда да назардан тыс қалып қоймаулары ескертілсін. (Е.Туримтаев)

3. Осындай жағдайлардың алдын алуына байланысты мектеп инспекторымен біріккен жұмыс жүргізілсін. (Е.Туримтаев)

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Дуйсенбаева Л.А.

Туримтаев Е.А.

№8 негізгі мектебінің профилактикалық кеңес отырысының №8
хаттамасы №8

Арқалық қаласы

18сәуір 2024 жыл

Қатысқандар:

Қатысқандар:

Дүйсенбаева Л.А. - мектеп директоры
Туримтаев Е.А.- мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Кабиева В.М. - мектеп психологы
Бүркітова Ж.Б. - әлеуметтік педагог
Мектеп медбикесі- Кобдикова Д.Қ.
Баязи А.Ж.-мектеп инспекторы

Күн тәртібі:

1. Сенім жәшігін ашу (Анықтама) Кабиева В.М.
2. «Жақсы әдеттер» (Анықтама) Е.Туримтаев
3. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша Кабиева В.М. сө алып сенім жәшігінде осы уақыт аралығында ешқандай шағым жоқ екендігін мәлімдеді.

Екінші мәселе бойынша Е.Туримтаев « Балаларды үлкенге құрмет көрсетуге, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Әдептілік қағидаларын меңгерте отырып, зиянды әдеттерден бойларын аулақ ұстауға шақыру.Салауатты өмір салтын ұстануға дағдыландыру мақсатында. «Жақсы әдеттер» тақырыбында жыл бойы 1-9 сыныптар арасында сынып сағаттар ұйымдастырылып отырды» деп ақпарат берді.

Күн тәртібі бойынша ақпараттарды тыңдап болған соң Кеңес шешті:

1. Сенім жәшігінің тиімділігі арттырылсын (1-9 сынып жетекшілері, Кабиева В.М.)
2. Е.Туримтаев ақпараты ескеріліп, аталмыш тақырыпта жұмыстар жандандырылсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Дүйсенбаева Л.А.

Туримтаев Е.А.



Арқалық қаласы

18мамыр 2024 жыл

Қатысқандар:

Қатысқандар:

Дүйсенбаева Л.А. - мектеп директоры
Турилтаев Е.А.- мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Кабиева В.М. - мектеп психологы
Бүркітова Ж.Б. - әлеуметтік педагог
Мектеп медбикесі- Кобдикова Д.Қ.
Баязи А.Ж.-мектеп инспекторы

Күн тәртібі:

- 1.Сенім жәшігін ашу (Анықтама) Кабиева В.М.
- 2.Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру (Анықтама) Е.Турилтаев
3. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

- 1.Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша мектеп психологы сенім жәшігінің пайдасы жайлы айта келіп, осы уақыт аралығында ешқандай шағым жоқ екендігін мәлімдеді.
- 2.Екінші мәселе бойынша Е.Турилтаев оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру жайында мәлімет берді.
- 3.Үшінші мәселе бойынша мектеп директоры оқушылардың мезгілсіз уақытта жүріс-тұрыс алдын алу мақсатында рейд ұйымдастыру керек екендігі сөз етілді.

Күн тәртібі бойынша ақпараттарды тындап болған соң Кеңес шешті:

1. Сенім жәшігінің тиімділігі арттырылсын (1-9 сынып жетекшілері, Кабиева В.М.)
 - 1.2. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жаз уақытында мектеп инспекторымен біріккен жұмыс күшейтілсін (1-4 сынып жетекшілер. Е.Турилтаев)
 - 2.Оқушылардың жазғы демалыс уақыты тиімді ұйымдастырылсын.
 - 2.1. Оқушылардың жазғы демалыс уақыттарын қадағалау ата-аналарына тапсырылып, қауіпсіздік ережелерімен таныстырылсын.
 3. Оқушылардың құқықтық сауаттылығымен іс-әрекеттеріне жауапкершілігін арттырып, ата-ана тарапынан қадағалауды күшейтілсін.
 - 3.1.Мектеп пен ата- ана арасында байланыс жазғы демалыс кезінде де жандандырылсын (1-9 сынып жетекшілері, Е.Турилтаев, Кабиева В.М.)

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Дуйсенбаева Л.А.



Турилтаев Е.А.